



«Астана медицина университеті» КеАҚ

БББ-АМУ-21

Бас.№1

Бет 1 / 144

«Педиатрия» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Сенатының академиялық
және ғылыми жұмыс
бойынша комиссиясымен бекітілген
№2 хаттама
«01» қазан 2021 жыл



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В10118 - «Педиатрия» мамандығы

Нур-Султан қаласы, 2021



1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі	VI
Жоғары білім профилі	Жоғары үздіксіз медициналық білім
Білім беру бағдарламасының коды	6В10118
Білім беру бағдарламасының атауы	Педиатрия
Бағдарламаның орындалу уақыты	2021-2026
БББ миссиясы	Балалар халқына өз бетінше және уақтылы медициналық көмек көрсетуге заманауи жағдайларда қабілетті және қазіргі заманғы медицина мен ғылымның өзекті мәселелерін шешуге дайын, жеткілікті білім деңгейі мен кәсіби құзыреттілігі бар бәсекеге қабілетті дәрігерлерді дайындау.
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Балалық шақтағы жиі кездесетін ауруларды диагностикалау, дифференциалды диагностикалау және емдеу дағдыларына ие педиатрдың тиісті құзыреттілігі бар білікті маманды дайындау.
БББ аккредиттеу	-
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім
Түлектердің біліктілік сипаттамалары	
Академиялық дәреже	магистр
Біліктілік	Дәрігер
Мамандық лауазымдардың тізімі	Дәрігер-педиатр
Кәсіби қызмет саласы	Денсаулық сақтау
Кәсіби қызметтің объектісі	0-18 жас аралығындағы балалар. Балалардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасауға бағытталған құралдар мен технологиялар кешені.



2. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

№ ОН	ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОН1	Балалық шақтағы ауру тарихы, науқастың ауырлығын бағалау және медициналық құжаттама туралы білімі мен түсінігін көрсетеді
ОН 2	Балалардағы негізгі патологиялық симптомдар мен ауру синдромдарын анықтау үшін тиісті кәсіптік салада жаңа қолданбалы білімді меңгере алады, жетекші синдром негізінде дифференциалды диагностиканы жүргізуді, балалардың денсаулығына клиникалық диагноз қою үшін тексеру нәтижелерін интерпретациялауды біледі.
ОН 3	Өміріне қауіп төндіретін жағдайлары бар, сондай-ақ экстремалды жағдайларда, эпидемияларда және жаппай жойылу аймақтарында педиатриялық науқастарға алғашқы және шұғыл медициналық көмек көрсетуге қабілетті.
ОН 4	Клиникалық диагностикалық және емдеу хаттамаларына сәйкес медициналық қызмет аясында аурулары бар педиатриялық науқастарға медициналық көмек көрсете алады.
ОН 5	Этикалық-құқықтық принциптерді білуі мен түсінуін көрсетеді: қоғамда қабылданған моральдық-құқықтық нормаларды ескере отырып, кәсіби қызметті жүзеге асырады; медициналық этика нормаларын, құпия ақпаратпен жұмыс істеуге қатысты заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды; медициналық құпияны сақтайды
ОН 6	Баланың денсаулығын сақтау саласындағы негізгі күрделіліктің жоғары кәсіби және ғылыми білімін көрсетеді. Балалардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына әсер ететін психологиялық және әлеуметтік факторларды ескере алады, әртүрлі жағдайлары мен аурулары бар педиатриялық науқастарға психоэмоционалды қолдау көрсете алады.
ОН 7	Педиатриялық науқастардың медициналық құжаттарынан алынған деректерді талдау және бақылау және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін ақпараттық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тәжірибеде қолдана алады.
ОН 8	Ғылыми зерттеу дағдыларын көрсетеді: ақпараттық деректер қорын тиімді іздейді, ғылыми деректерді талдайды, зерттеу және аналитикалық тәсілді көрсетеді